

سَبْعٌ يَجْرِي لِلْعَبْدِ أَجْرُهُنَّ

ҮЗІЛІССІЗ
ТАБЫСТЫ САЛЫМ

Үзіліссіз табысты салым

Расында, Аллаһ Тағаланың бізге, яғни Өзінің жаратылыстары мен құлдарына деген қамқорлығы өте зор әрі бізге деген мейірімі шексіз. Оның ең үлкен мейірімдерінің бірі – Өзінің мұмин құлдарына олар жақсылық жасап, өздері үшін бұл дүниеде де, Ақырет өмірінде де де сый-сауап алу үшін сан алуан мүмкіндіктер мен жолдарды сыйлағаны.

Адам дүниеден өткенде оның Аллаһтың разылығы үшін әлдебір амал жасап, сый-сауап алу мүмкіндігі үзіледі. Қабір тұрғындары – көзі тірісінде жасап үлгерген істерінің тұтқындары, олар өздерінің жасаған игі істеріне жаңаларын қосу мүмкіндігінен айырылған. Олар амалдар мекенінен, яғни бұл өмірден жаза не сауап әрі есеп беру мекеніне өтті. Бірақ Аллаһ Тағала Өзінің шексіз мейірімімен мұсылман адамға ол тіпті қайтыс болса да, оның кейбір амалдары үшін жаңадан және үзіліссіз сауап жазылатындай етті. Адам өз қабірінде болады, оның енді Аллаһқа ұнамды әрі салиқалы амалдар жасау мүмкіндігі жоқ, бірақ бұған қарамастан оған жаңа ізгі амалдар тоқтаусыз жазыла береді, оның сый-сауаптары еселенеді әрі дәрежесі көтеріледі. О, бұл неткен құрметті мәртебе әрі нендей керемет нәтиже десеңізші!

Сіз оларды жасағаныңыз үшін жаңа сый-сауаптарды үздіксіз алып отыратын және тіпті қайтыс болғаныңыздан кейін де өзіңіздің жетістіктеріңізді еселеп көбейтуіңізді тоқтатпай жалғастыра беретін бұл іс-амалдар не екен?

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабасы Әнас (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хадисінде мұндай амалдардың жетеуі жайлы айтылған. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

سَبْعٌ يَجْرِي لِلْعَبْدِ أَجْرُهُنَّ بَعْدَ مَوْتِهِ وَهُوَ فِي قَبْرِهِ: مَنْ عَلَّمَ عِلْمًا، أَوْ كَرَى نَهْرًا، أَوْ حَفَرَ بَيْتًا، أَوْ غَرَسَ

نَخْلًا، أَوْ بَنَى مَسْجِدًا، أَوْ وَرَثَ مُصْحَفًا، أَوْ تَرَكَ وَلَدًا يَسْتَغْفِرُ لَهُ بَعْدَ مَوْتِهِ

Келіңіздер, бауырлар, осы маңызды хадис пен ондағы айтылған жеті амалды ой елегінен өткізейік те, содан кейін қолымыздан келгенше соларды жасауға тырысайық, әрі ажал сағатымыз келмей жатып, біз әлі де болса осы дүниеде жүрген кезімізде соларды жасауға асығайық.

Демек, бұл хадисте жеті амал аталған.

Олардың біріншісі – адамдарға білім беру. Бұл жерде білім дегенде, кез-келген білім емес, алайда пайдалы шариғи білім айтылуда, өйткені дәл сол білім ғана адамдардың өз имандарына көзін ашатын, олар Соған ғана құлшылық жасауы, тәуекел етуі және дұғаларымен жалбарынып жүгінуі тиіс болған Раббысы әрі Құдайымен таныстыратын білім болып табылады. Бұл - адамдарды тура жолға бастайтын, оларға қай жерде тура жол, ал қай жерде адасушылық, ненің ақиқат, ненің өтірік екенін, Аллаһ Тағаланың нені рұқсат, ненің харам еткенін түсінулеріне мүмкіндік беретін білім. Бұл хадисте діни білімі бар адамдардың, ықыласты ғұламалардың және өзгелерді білім негізінде ақиқат пен нұрға шақыратын адамдардың нендей үлкен орын алатынын баса айтылып, түсіндірілген. Олар адамдардың жолын нұрландыратын, оларға қараңғылықтарда жол көрсетуші шамшырақтар, халық пен үмметтің тіректері әрі даналықтың қайнар көздері болып табылады. Олардың өмір сүруі бұл - Аллаһтың адамдарға берген сыйы және олар үшін табыс, ал олардың өлімі – бақытсыздық. Олар надандарға білім беріп, ғапылдардың есіне Аллаһты салып, адасқандарды тура жолға бағыттайды. Олар тарапынан бізге тек жақсылық келеді және жамандық пен бақытсыздықтар келмейді. Егер олардың бірі дүниеден өтетін болса, оның берген білімі бізге мирас болып қалады. Оның сөздері мен кітаптары тарала береді, ал біз олардан білім алып, пайда көре береміз. Ол қабірде жатыр, алайда оның жер бетінде қалдырған білімінің сауабы оның есебіне үздіксіз жазылып, оған келе беретін болады. Ескіде адамдар: «Ғалым қайтыс болады, бірақ оның кітаптары қалады», - деп айтады екен. Аллаһтың мейірімімен бүгін бұл мүмкіндіктер кеңее түсті. Біздің заманымызда адамның өзі қайтыс болса да, оның білімі тек кітаптарында ғана емес, сонымен қатар лекцияларының, сабақтарының, құнды уағыздарының аудио және бейне таспаларында сақталып қалады, әрі олардан тіпті оның дәуірінде өмір сүрмеген және онымен кездеспеген кейінгі ұрпақ өкілдері де пайда көреді. Адамдарға білімді тек ғалымдар ғана емес, сондай-ақ пайдалы кітаптарды басып шығаруға және игі таспаларды таратуға үлес қосқан әрбір адам да үйрете алады әрі ол да осы хадисте аталған сый-сауаптан мол үлесін алады.

Сый-сауабы үздіксіз тоқтамай жалғаса беретін жеті амалдың екіншісі – адамдарға су арнасын (арық) жүргізу. Бұл жерде суды оның табиғи көздерінен адамдар тұратын жерлерге немесе егіндерге тасымалдап, жеткізіп, соның нәтижесінде халықты, олардың егіндері мен мал-жандары суарылатындай етіп,

сумен қамтамасыз ету туралы айтылуда. Бұл неткен ұлы, игі әрі қадірлі амал! Ол адамдарға қандай үлкен жеңілдік әкеледі! Өйткені су - бұл онсыз өмір сүру мүмкін емес болған ең маңызды құндылықтардың бірі. Шын мәнісінде, бұл іс-амал өзінің құрамына тек арық жүргізуді ғана емес, елді мекендерге су құбырларын таратуды да, жол бойына немесе халық қажет ететін жерлерге су ағызатын шұмектер немесе су бұрқақтарын орнату да кіреді.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабасы Абу Сағид әл-Худри былай деген:

أَيُّمَا مُؤْمِنٍ سَقَى مُؤْمِنًا عَلَى ظَمٍّ, سَقَاهُ اللَّهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ مِنَ الرَّحِيقِ الْمَخْتُومِ

«Кімде-кім мұмин адамға су беріп, оның шөлін қандырса, Аллаһ Тағала оны Қиямет күні мөрленген (Жәннаттық) шырынмен сусындатады»

(хадисті Абу Дауд, 1682 және әт-Тирмизи, 2449 жеткізген).

Үшінші амал – құдық қазу. Оның ішінде тек құдық қазу ғана емес, адамдардың игіліктері үшін пайдаланатын су айдау ұңғымаларын бұрғылау да жатады.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келесі оқиға жайлы баяндаған екен: *«Бірде жолда келе жатқан бір адамды қатты шөл қинай бастады. Әрі ол құдықты іздеп тауып ішіне түседі де, тойып су ішеді де, кейін сыртқа көтеріледі. Ол сол жерде шөлдегеннен тілін салаңдатып, ылғал топырақты жеп жатқан бір итті көреді. Әлгі адам: «Бұл итті де мені қысқандай шөл қысып жатыр екен», - деп ойлады да, құдыққа қайта түсіп, аяқ киіміне су толтырып, оны тісімінен қысып ұстап құдықтан шығады да, әлгі итті сусындатады. Міне, сонда Аллаһ Тағала оған осы ісі үшін алғысын білдіріп, оның күнәларын кешіріп, Жәннатқа кіргізді»*. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл оқиғаны айтқан уақытта сол жерде болған адамдар одан: *«Уа Аллаһтың Елшісі! Сонда біз жануарларға жақсылық жасағанымыз үшін де сауап аламыз ба?!», - деп сұрады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған:*

فِي كُلِّ ذَاتٍ كَبِدٍ رَطْبَةٍ أَجْرٌ

«Ылғал бауырдың әрбір иесі үшін (яғни әрбір тіршілік иесі үшін) сауап жазылады», - деп жауап берді

(хадисті әл-Бухари, 2466 мен Муслим, 2244 жеткізген).

Бұл хадистен құдық қазып, бір итке ғана емес, көптеген адамдар мен жануарлардың шөлін қандырып, су беруіне себеп болғандарды қандай үлкен сый-сауап күтіп тұрғаны түсінікті-ақ болады.

Төртінші амал – құрма ағаштарын отырғызу. Бұл хадисте құрма ағашының аталуының себебі - құрма пальмасының ең жақсы және ең пайдалы ағаштардың бірі болғандығынан, бірақ, әрине, бұл сауап басқа да барлық пайда әкелетін ағаштарға да таралады. Егер әлдебіреу өзгелер соның жемістерінен жеуі үшін ағаш отырғызатын болса, онда оны адамдар немесе жануарлар әр пайдаланған сайын оған сый-сауап жазыла береді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

فَلَا يَغْرِسُ الْمُسْلِمُ غَرْسًا، فَيَأْكُلُ مِنْهُ إِنْسَانٌ، وَلَا دَابَّةٌ، وَلَا طَيْرٌ، إِلَّا كَانَ لَهُ صَدَقَةٌ إِلَى يَوْمِ الْقِيَامَةِ

«Егер әлдебір мұсылман адам ағаш отырғызып, одан (яғни жемісінен) адам, жануар немесе құс жейтін болса, бұл оған Қиямет күніне дейін садақа ретінде жазыла береді»

(хадисті Муслим, 1552 жеткізген).

Бесінші амал – мешіттер соғу. Аллаһ Тағала үшін жер бетіндегі ең сүйікті орындар – мешіттер. Аллаһ Тағала мешіттерді олардың ішінде Оның Есімі зікір етілуі үшін тұрғызуға рұқсат етті. Мешіт салынып, онда намаз, Құран оқылса, мұсылмандар онда өз діндерін үйреніп, пайдалы білім алу немесе басқа да ұлы әрі игі істер үшін жиналған сайын, мұның барлығы үшін сол мешіттің негізін қалаған адамға және оны Аллаһтың разылығы үшін соққанға үшін сый-сауап жазыла береді. Ізгі халифа Усман ибн Ғаффан былай деген: «Мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін естігенмін:

مَنْ بَنَى مَسْجِدًا، يَبْتَغِي بِهِ وَجْهَ اللَّهِ، بَنَى اللَّهُ لَهُ مِثْلَهُ فِي الْجَنَّةِ

«Кімде-кім Аллаһтың разылығы үшін мешіт салса, Аллаһ Тағала Оған

Жәннатта соған ұқсасын салады»

(хадисті әл-Бухари, 450 мен Муслим, 533 жеткізген).

Умар ибн әл-Хаттаб былай деген: «Мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін естігенмін:

مَنْ بَنَى مَسْجِدًا، يُذَكِّرُ فِيهِ اسْمُ اللَّهِ، بَنَى اللَّهُ لَهُ بَيْتًا فِي الْجَنَّةِ

«Кімде-кім онда Аллаһтың есімі зікір етілетін мешіт салса, Аллаһ Тағала оған

Жәннатта үй салады»

(хадисті ән-Насаи, 688 және Ибн Мәжаһ, 735 жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих ибн Мәжаһ» еңбегінде сенімді деп атаған, 601).

Адамның салған мешіті тіпті кішкентай болса да, ол бәрібір осы ұлы сауапқа ие болады. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ بَنَى مَسْجِدًا لِلَّهِ كَمْفَحَصَ قَطَاةٍ، أَوْ أَصْعَرَ، بَنَى اللَّهُ لَهُ بَيْتًا فِي الْجَنَّةِ

«Кімде-кім Аллаһтың разылығы үшін кекілік ұясындай немесе тіпті одан кіші мешіт салса, Аллаһ оған Жәннатта үй салады»

(хадисті Ибн Мәжаһ, 738 жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих ибн Мәжаһ» еңбегінде сенімді деп атаған, 603).

Сый-сауабы үзіліссіз жалғаса беретін, ұтылыссыз амалдардың алтыншысы – адамның өзінен кейін Құран кітаптарын қалдыруы. Бүгінгі күні бұл адамдарға Аллаһтың разылығы үшін Құран кітаптарын басып шығару немесе Құран кітаптарын сатып алып, мұсылмандар пайдалануы үшін мешіттерге немесе оқу орындарына беру түрінде жасалуы мүмкін. Біреу сіздің ақшаңызға басып шығарылған немесе сатып алынған Мусхафты (бұл Құран толық жазылған немесе басылған кітаптың аты) оқыса, немесе оқығанының мағынасына ой жүгіртсе немесе оқығанына қарай амал жасаса, бұл үшін сізге сауап жазылады.

Жетінші амал – сіз үшін дұға етіп, Аллаһтан сізді Өз рахымына бөлеп, кешіруін сұрайтын ізгі-салиқалы, діндар ұрпақ қалдыру. Балалардың материалдық тұрғысынан қамтамасыз етілуіне ғана емес, рухани тәрбиесіне де, яғни олардың иманды, бірқұдайшыл, Аллаһты жақсы көретін, Одан қорқатын және ұялатын, әділ әрі арлы-салиқалы болуы үшін қамқорлық жасау керек. Аллаһ Тағаладан Оған ғана құлшылық етіп, Оның Елшісінің жолын ұстанатын ізгі, салиқалы ұрпақ сыйлауын тілеуіміз керек. Сіз үшін дұға етіп, Аллаһтан рахым, кешірім, мейірім сұрайтын осындай балаларды тәрбиелеп, қалдыру керек. Бұл қайтыс болған адамға пайда әкелетін нәрселердің бірі. Назар аударыңыз, хадисте: **«...немесе қайтыс болғаннан кейін ол үшін Аллаһтан кешірім сұрайтын баланы қалдырса»,** - деп айтылған. Яғни, ұлдың немесе қыздың өзі әке-шешесі үшін дұға жасап, олар үшін кешірім сұрауы керектігі көрсетілген. Міне осы, Аллаһтың қалауымен, қайтыс болған адамға ең үлкен пайда әкеледі. Назар салыңыз, хадисте ата-анамыз үшін дұға ету үшін әлдебір молдаға барып, ақша төлеп дұғасын сұрап алу керектігі туралы айтылмаған.

Бізді дүниеге әкеліп, өсірген жандарға да, сондай-ақ ата-анамызды және олардың ата-аналарын да дүниеге әкеліп, тәрбиелегендерге де дұға етуді ұмытпау қажет. Яғни тек әке мен ана үшін ғана емес, аталар мен әжелер үшін де өзіңіз дұға етуіңіз қажет.

Және, әрине, біз балаларымыздың сенімі мен діні туралы қатты қам жеуіміз керек, өйткені бұл олардың не жейтіні, не киетіні және қандай білім алатыны туралы қам жеуден кем емес. Құран Кәрімде Аллаһтың пайғамбары Яғқубтың

қайтыс болуынан бұрын өзінің ұлдарын жинап, оларға соңғы нұсқауын бергені туралы айтылады. Ол сол кезде не деді? Яғқуб пайғамбар ақша немесе мал-мүлік жайлы айта бастады ма? Жоқ, оны басқа нәрсе алаңдатты. Ол балаларынан:

مَا تَعْبُدُونَ مِنْ بَعْدِي

«Сендер менен кейін кімге құлшылық қыласыңдар?», - деп сұрады.

Олар:

قَالُوا نَعْبُدُ إِلَهَكَ وَإِلَهَ آبَائِكَ إِبْرَاهِيمَ وَإِسْمَاعِيلَ وَإِسْحَاقَ إِلَهًا وَاحِدًا وَنَحْنُ لَهُ مُسْلِمُونَ

«Сенің Құдайыңа, аталарың Ибраһимнің, Исмаилдың және Исхақтың Құдайына, бір-ақ Құдайға құлшылық қыламыз. Сондай-ақ Соған бойұсынамыз», - деп жауап берді

(«әл-Бақара» сүресі, 133-аят).

Адам соларды тірі кезінде орындаса, қайтыс болған соң да оған жаңа сауаптар әкелетін сауапты амалдар туралы Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа да хадистері жеткен. Оларда келетін жоғарыдағы жеті амалдан басқа тағы да екі амалды атауға болады:

1. Кедей жолаушыларға, жетімдер мен мұқтаж жандар үшін үй салу.
2. «Садақа жәрия» деп аталатын нәрсе, яғни ұзақ уақыт бойы пайдасын жалғастыра беретін садақа. Оның мысалдарының бірі – бір кездері Қазақ жерінде кең таралған және осы күнге дейін көптеген мұсылман елдерінде қызмет жасап келетін уақыфтар жүйесі.

«Уақыф» деген не? Бұл меншік иесі оны немесе одан түсетін кірісті мұсылмандардың қажеттіліктеріне пайдалану үшін беретін жылжымайтын немесе жылжымалы мүліктің қандай да бір түрі. Мысалы, кедей-кепшіктерге, жетімдерге, дін білімін үйренуге берілген мал-мүлік. Уақыф деп жарияланған мүлік (мысалы, уақыф жері немесе уақыф ғимараты) мүміндердің қажеттіліктерін өтеу мақсатында Аллаһтың разылығы үшін мәңгілікке берілгендіктен, оны біреуге беруге, сатуға немесе мұраға қалдыруға болмайды.

Дайындыған шейх Хайсам Сархан басшылығындағы «Сунна» колледжі